



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРАЛІГІ



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ҒЫЛЫМ ДЕПАРТАМЕНТІ

ҒЫЛЫМ  
ДЕКАДАСЫ



# БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

*ұлт болашағы*

атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция

## МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ



3-4 сәуір 2024 жыл



# БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

*атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция*

*3-4 сәуір 2024 жыл*

***МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ***

Алматы, 2024

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3

Б 41

**Жалпы редакциясын басқарған:**

**Абишева Сауле Джунусовна** – АР 15473235 «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту: тарихы, бүгіні, болашағы» ғылыми жобасының ғылыми кеңесшісі, Филология ғылымдарының докторы, профессор

**Жауапты редактор:**

**Саметова Жанакүль Шынгисхановна** - АР 15473235 «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту: тарихы, бүгіні, болашағы» ғылыми жобасының жетекшісі, философия докторы (PhD)

**Редакция алқасы:**

**Найманбаев Алмас Әбдіманапұлы** - Филология институты директорының ғылыми істер және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары, философия докторы (PhD),

**Сонер Сағлам** – доктор, Памуккале университеті Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар факультеті

Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеттері кафедрасының доценті,

**Әділов Марлен Ерланұлы** – Н.Келімбетов атындағы Түркітану орталығының аға ғылыми қызметкері, философия докторы (PhD)

«Балалар әдебиеті – ұлт болашағы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция ЖТН АР 15473235 «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту: тарихы, бүгіні, болашағы» ғылыми жобасы және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Ғылым декадасы-2024 аясында ұйымдастырылды.

Конференцияға балалар әдебиетін зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдар, балалар жазушылары мен ақындары, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, әдіскер ғалымдар, мектеп педагогтері, кітапхана қызметкерлері, докторанттар мен магистранттар қатысты.

**ISBN 978-601-7187-90-3**

## МАЗМҰНЫ

Авторлар	Мақала тақырыбы	Беті
Soner Sağlam Balsan Madi	Kazakistan'da Çocuk Edebiyatının Gelişmesinde «Ak Jelken» Dergisinin Rolü Üzerine Bir İnceleme	5
Сулайман Рысбаев	Миниграфия- балдар адабиятына мүнөздүү адабий форма	9
Müzeyyen İnalöz	Görsel Anlatıların Işığında: Sulayman Rısbayev'in Hikâyelerinde Kültür Aktarımı	18
Elnara Akimova	Modern çocuk edebiyatının sorunları - zamandan notlar	25
Baxıtbay Paluanov Abdiualiy Nurlibaev	Balalar basılımları - döretiwshilik ustaxana	32
Ақбота Кенжеқожаева Жолдасбек Мамбетов	Қожанасыр әңгімелерінің өскелең буынды тәрбиелеудегі рөлі	35
Demir Tezcan Özakaydin	Türk Dünyası Çocuk Şiirinde “Eğitim” Teması	40
Gulnar Qambarova	Bağımsızlık yıllarında Azerbaycan çocuk şiiri: geçiş dönemi, talepler, görevler	51
Mətanət Qüdrət qızı Vahidova	Tofiq Mahmud poeziyası Azərbaycan uşaq ədəbiyyatı örnəyi kimi	59
Ысмайыл Кадыров	Кыргыз балдар адабияты –дүйнөлүк балдар адабиятынын бир бутагы	65
İlhame Ağazade	Çocuk eserlerinde sanatsal düşünce olanakları	72
Бейсембайева Айдана	Актуальные проблемы преподавания зарубежной детской литературы на иностранном языке в современной школе и вузе	77
Кереева Нүргүл	Бастауыш және орта буында Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқытудың тәрбиелік маңызы	81
Мырзалиева Аигуль Казанбаева Камила	Мектепте қазіргі балалар әдебиетін оқыту ерекшеліктері	84
Ташаева Гульмира	Тіл дамытудағы балалар әдебиетінің жұмбақ пен мақал-мәтел жанрларының тиімділігі	88
Токшылыкова Гүлназ Даулетова Диана	Классиканы оқыту – ұлық мұрат	91



Абишева Сауле Абуова Бибижан	Основные направления детской литературы в Казахстане	96
Асқаров Сұңқар	Қазақстанда балалар әдебиетінің даму бағыттары	99
Байниязова Баян-Сұлу	Балалар әдебиеті – ұлт болашағы	103
Байтерекова Марина	Балалар әдебиеті – балалардың ақылшысы	109
Егембердиева Алмагул Жахан Жансұлу	Балалар әдебиетінің бала дамуындағы рөлі	115
Жамантай Айжан	Абай шығармаларындағы сөзтанымдық бірліктердің сипаты	120
Алмасханқызы Арайлым Темірболат Алуа	Асқар Алтай прозасындағы адам және қоғам	125
Мансурова Эльнара Орда Гүлжиһан	А.Елгезек «болмаған балалық шақ» повесінің микропоэтикасы	128
Өтеміс Айгуль Ержанова Сауле	Поэзия жанрын психологизм тұрғысында қарастыру	134
Казтаева Айымжан	Қазақ прозасындағы анимализм	138
Азатбек Ділнұр Жұмағали Қаныша	Шет тілін оқытудағы әдістемелер мен коммуникативтік бағыт	145
Нәсіпхан Шуақ Жұмағали Қаныша	Қытай тілін оқытудың Қазақстандағы жағдайы	150
Септегенова Камшат Ташимова Данагуль	Оқушының оқылым дағдысын дамыту	154
Салимова Жаннұр	Оқушының шешендік тілін дамытуға негіз болатын педагогикалық ұстанымдар	158
Уразбакова Бакыт	«Lesson Study» зерттеуге бағытталған жоба жұмысы	166

## А.ЕЛГЕЗЕК «БОЛМАҒАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ» ПОВЕСІНІҢ МИКРОПОЭТИКАСЫ

**Мансурова Эльнара**

*Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1 курс докторанты,  
Алматы, Қазақстан*

**Орда Гүлжиһан**

*Ғылыми жетекшісі: Филология ғылымдарының докторы, доцент, М.Әуезов  
атындағы әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан*

**Андатпа.** Мақалада прозалық шығармалардың бірі – повесть жанрының поэтикасына түсініктеме берілді. Оның компоненттеріне, оның жасалуына, түрлеріне зерттеулер жүргізілді. Поэтика ұғымының қазақ әдебиет саласына қаншалықты маңызды екендігіне, әсіресе көркем шығармада поэтиканың кездесетін компоненттеріне мысалдар келтірілді. Поэтиканың бір түрі – микропоэтикасы туралы мағлұмат беріліп, тарихына тоқталды.

Қазіргі таңда интернет желісінде жүргізілген сауланама нәтижесінде, ХХІ ғасырдың ең таңдамалы повестерге айналған А.Елгезектің «Болмаған балалық шақ» туындысының микропоэтикасы анықталды, талдаулар жасалды. Туынды оқырмандардың сұрауы бойынша 2008 жылы жазылып, кітап болып басылып шыққан. Ғаламтор арқылы кеңінен таралған, қазіргі тілмен айтқанда бестселерге айналған бірегей шығармаларының бірі. Бұл шығарманың тілінің қарапайымдылығы, стилі өзгеше, көркемдік жағынан жоғары стильді шығарма ретінде танылып, зерттеуге арқау болды. Қалың оқырманның жүрегінен орын ала білген бұл повесть реалды өмірден алынған, автор жазушы өзінің басынан өткен өмірін сипаттаумен ерекшеленеді. Ал шағын шығарманың көпшілікке ұнауы оқиғаның шынайы суреттелуінде. Осындай жоғары бағаға ие болған бұл повестің микропоэтикасын талдау біздің мақаламыздың мақсаты болып табылмақ.

**Кілт сөздер:** поэтика, повесть, микропоэтика, жанр, компонент, теория, композиция, сюжет.

**Кіріспе.** Көркем прозаның көркем жанрларының бірі – повесть поэтикасын зерттеу қазіргі әдебиеттану ғылымындағы көкейкесті мәселелерінің бірі десек артық айтпаймыз. Бұл пікірдің көкейкестілігін қазіргі әдебиетте жетекші орынға ие болған повестің әрі сандық, әрі көркемдік тұрғысынан өсуі, повестің жанрлық және стильдік әртараптылығының болуы, сонымен қатар қазақ жазушыларының повесть жанрын игерудегі жетістіктері дәлелдейді. Осы күнге дейін жетекші болып келген роман жанры өзінің көшбасшылық рөлін повесть жанрына бере салуы әдебиеттанушылар мен сыншылардың назарынан тыс қалған жоқ.

Поэтика ұғымын білу үшін әдебиеттің теориясын дұрыс түсіне білу керек. Өйткені, «поэтика» термині сөз өнерінің теориясындағы ең негізгі

категорияларының бірі болып табылады. Сонымен қатар, поэтика әдеби шығарманың эстетикалық қуатын және оның көркемдік мәнін, жалпы туындының құндылығын айқындайды. Поэтиканың мақсаты неде? Оның мақсаты – шығарма құндылығынан эстетикалық әсерленуді қалыптастыруға қатысатын текстегі элементтерді айқындап және оны жүйелеу. Мысалы лирикалық өлеңдерде сюжет элементтері маңызды рөл атқармайды, ырғақ пен дыбыстың мәні зор, ал прозада керісінше [1].

Поэтиканың тарихына үнілетін болсақ, тарихы ежелгі грек философиясынан бастау алады. Поэтика туралы алғашқы ойлар гректің көрнекті ойшылы Аристотель айтқан болатын. Қазақ әдебиеттану ғылымында З.Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы» еңбегінде, ғалым қазақ өлеңінің жүйесін сарапқа салып, өзіндік ерекшеліктерін таразалайды [2]. Поэтиканың сөздік негізі зерделенгенде: лексикасы, морфологиясы және синтаксисі алдымен назарға ілініп, мұндай ерекшеліктерін әдебиеттану ғылымының стилистика деп аталатын саласы арнайы саралайды. Бұл жерде әдебиеттанудағы стилистикамен тіл біліміндегі стилистикадан ерекшеліктерін ескереміз. Жалпы поэтиканың тағы бір тұғыры – образдық негізін зерттегенде біз көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесіне, мотивтер мен сюжеттерге және көркем туындыдағы салмағына мән береміз. Жеке поэтикада немесе оны біз микропоэтика деп айтамыз, осы микропоэтикада жекелеген автордың шығармашылық әлемі немесе белгілі бір көркем шығармалар талданады. Біздің бұл зерттеуде Ақберен Елгезектің «Болмаған балалалық шақ» повесінің микропоэтикасын талдамақпыз.

**Негізгі бөлімі.** Зерттеу жұмысында Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» 2008 жазылған повесті негізге алынып, талданатын материалдың ерекшелігі мен алға қойған міндеттеріне қарай, әдеби талдау интерперетациялық, баяндау, сипаттау және жинақтау әдістері қолданылды. Зерттеудің ғылыми-теориялық негізі ретінде әдебиеттанушы ғалымдар мен қаламгерлер А.Байтұрсынұлы, З.Ахметов, А.Темірболат, С.Асылбекұлының «Қазақ повесі (генезис, эволюция, поэтика)» диссертациясының ой-тұжырымдарына сүйендік.

Повестің жеке стилін қарастыруда оның лексикасын (эпитет, теңеу, айшықтау, т.б.), көркем мәтіннің ырғағын, композициялық ерекшеліктерін, образдар әлемінің қыр-сырын, психологиялық табиғатын талдауда зерделеу, салыстыру және структуралық талдау принциптерін қолдана отырып жазушының көрсеткен қиын-қыстау өмірін, бейнелеген дәуірдің басты элеуметтік-саяси проблемаларын тануға көңіл бөлінді. Повесте жазушының өз өмірінен алынған реалды оқиғаларды оқи отырып, реалистік образдардың шынайлығы мен шығарманың көркемдік деңгейі анықталды.

Зерттеу объекісі ретінде алынған повесть ХХІ ғасыр басындағы үздік 20 прозалық туындының тізіміне енген туынды (интернет желісінде жүргізілген сауланама нәтижесінде). Туынды оқырмандардың сұрауы бойынша 2008 жылы

жазылып, кітап болып басылып шыққан. Ғаламтор арқылы кеңінен таралған, қазіргі тілмен айтқанда бестселерге айналған бірегей шығармаларының бірі.

Шығарманың тез оқылуы, оқырмандарды өзіне баурап алуы – қазіргі повесті жазушылардың алға қойған мақсаты. Повесть осындай шығармалар сияқты көлемі шағын алайда, айтар ойы салмақты болып келетін прозалық шығарма екендігін айтпасқа болмас. Осы күнгі дейін жетекші болып келген роман жанры өзінің көшбасшылық рөлін повесть жанрына бере салуы шығармадағы көлемі мен шынайылығына байланысты. Ал шағын шығарманың көпшілікке ұнауы оқиғаның шынайы суреттелуінде. Автор кітапқа өзінің балалық шағындағы қызықты әрі қайғылы оқиғаны бүкпесіз жазғандығында. Оның шынайы екендігіне, жазушының өзі берген сұхбатында *«Болмаған балалық шақ» - менің ішкі трагедиям, менің тағдырым. Оны шығармасқа болмайтын еді. Естеліктер ішті мүжіп жеп қойды. Оқырмандар осы кітапты оқыған соң менің өлеңдерімді түсіне бастағанын жеткізді»* деп айтса, кітаптың кіріспесінде жазушы *«Шығарма шынайы шындығында демекші, осы хикаятта баяндалған оқиғалар – ойдан шығарылған дүние емес, менің басымнан өткен тағдыр. Хикаятта аты аталған кейіпкерлер де кездейсоқ, қиялымда туған жандар емес, бірі бақиға аттанған, біреуі фәниде сау-саламат ғұмыр кешіп жатыр. Мен осы шығарманы жазу барысында бір кейіпкерлерімді жақсы жағынан көрсетіп, екіншісін әжуалап, жамандауды мақсат еткен жоқ. Керісінше басымнан кешкен оқиғаларды, бүлдіршін кезімнен жадымда сақталған үзік-үзік естеліктерді әдебиетсүйер қауымға жеткізім келеді»* [3]деп баяндайды.

Негізі Ақберен Елгезекті ақын ретінде танитынымыз рас, ақын-жазушының сонымен қатар «Көлеңкелер күбірі», «Ғарыш», «Шексіздік сыртындағы шам» атты жыр жинақтары көрген. Ал біз тақырыпқа арқау етіп алған туындысы ақынның тұңғыш кітабы, оның үстіне повесть жанрында жазылған алғашқы да ең сәтті жазылған повесть болып отыр. Ақын-жазушының аталған повесі лирикалық-сыршыл, психологиялық драматизмге толы поэтикалық сипатымен ерекшеленеді. Повестің мазмұны мен пішіні желісінде поэтикалық шарттылыққа негізделген көркемдік жинақтау аясында кішкентай жүректің үлкен өмірмен арпалысын аңғарамыз. Бізге балалық пен бақыт егіз ұғым секілді көрінеді. Тіпті кез келген шығарманы ашып қарасаңыз да, балалық шағындағы тәтті естелікпен бөлісіп жатқандар көп-ақ. Алайда бұл шығарманы оқып отырып, мұндай тәтті естеліктерді кездестіре алмайсыз. Шығарманың тұтас поэтикалық құрылымы тұрғысынан қарағанда, еске алу арқылы жасалады. Еске алу – сюжет барысын айқындаушы әрі реалды-ирреалды шындықты жеткізуші бірден-бір көркемдік компонент.

*«Жейтін таяқты өзіңнен жесін деп, мені шешеме қосақтап шығарып салды. Сол күн – менің балалық шағымның тәтті дәурені таусылған күн еді»* дейтін Ақберен Елгезектің бүлдіршін кезі расымен ауыр өтті. Ол төрт жасында алғаш рет ажал деген сұмның бар екенін біледі. Өлім өзінің досындай болған мүгедек ағасы Данышпанды алып кетеді. Иә, төрт жастағы бала не біледі деп



ойларсыз? Бірақ сол кезде бала Ақберен қазалы топтың бір шетінде тұрып «Енді маған суретті кім салып береді?» деп көзіне жас алады. Ал бұдан соң Ақберен анасынан тірідей айырылады. Анасы екінші рет тұрмыс құрғандықтан баласын төркініне тастап кетеді. «Әкесі жоқ – мас жетім, анасы жоқ – қас жетім» демекші, тұлымшағы желбіреген бала сол сәттен бастап жетімдіктің ащы дәмін татады. Біресе жеңгесінен шапалақ жесе, енді бірде ауыл адамдарының аяп, мүсіркеген көзқарасын байқайды. Тіпті анасы Ақберенді өзімен алып кетсе де, ол бақытты бола қоймайды. Себебі өгей әкесінің тоқпағы, сол үйдегі қара кемпірдің суға қайнатылған макарону, таң атқаннан қара кешке дейін бітпейтін үй жұмысы, бір үзім нан жесе де өзгеге жалтақтап қарауы Ақбереннің бала көңілін қуанта алмады. Тіпті ол балалық шағын мүлдем есінен шығарғысы келді. Алайда, Ақберен жан жарасын емдеудің жолын өлеңнен тапты. Оның поэзияға келуінің астары осында жатса керек?! Жақындарынан жабыққанда, олардан тарыдай бір мейірім көрмегенде ішіндегі сыры мен мұңын қағаз бетінде түсірді. Ол өмірдің сан алуан кедергісімен өлеңі арқылы күресті.

Қазіргі кезде ақын-жазушы Ақберен Елгезектің балалық шағы дәл бұлай өткенін бірі білер, бірі білмес. Бүгінгідей дайын асқа тік болып немесе «Бәке, Сәке, көке» арқылы мансабын жасап жүргендерге осы тұлғаның өмірі үлгі. Ол қираған жеңілістен жеңіс көре білді. Талдырмашынан талай қиындық көрсе де, өз атын поэзия әлемінде қалыптастырды. Болмаған балалық шағының арқасында шындалды, қайраттанды, жігерленді. Әр ащы жастың астында тәтті сый болатынын дәлелдеді. Хәкім Абайдың «Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме» деген өлеңі бар емес пе? Қазіргі таңда жастардың қит етсе өмірден безіп, тіпті өз-өзін өлімге қиып жатқанын да естіп жүрміз. Дегенмен жеңіл жолмен келген жетістіктің игілігі болмайды, керісінше қиындық адамды шыңдап, өмірге бейімделуге үйретеді. Ақберен Елгезек те қиындықты жауы емес, ұстазы ретінде қабылдап, биік белесті бағындырды. Ол балалық шағында бақытты болмаса да, ақын боламын деген арманына жетті.

Әдебиетте микро және макропоэтика болып жіктелуі 19 ғасырдағы Еуропа әдебиетінен көрініс табады. Қазақ әдебиеттануда «макропоэтиканы» (теориялық немесе жүйелік), жеке баяндау, «микропоэтика» және тарихи болып үшке бөлінген [4, 433]. Микропоэтика көркем шығарманың табиғатын ашумен айналысады, сол арқылы шығарманың эстетикалық ықпалды қасиетінің дара жүйесін жасайды. Поэтикадағы басты мәселе – композиция, яғни барлық эстетика мәні бар элементтердің бір-бірімен үндестігі. Ал әдебиеттануда поэтиканы А.Байтұрсынұлы «қисын» деп атаған. Ол тіл қисыны яки лұғат қисынына сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу деген анықтама береді. Шығарманың өнді, ұнамды шарттарын белгілейді: ақын тіл сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне, көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды. «Болмаған балалық шақ» повесінің микропоэтикасына талдау жасағанда, көркем шығарманың эстетикалық әсерін күшейтуге арналған түгел дерлік элементтердің қатысқандығын айта аламыз. Поэтиканың көркем

шығарманың компоненттеріне үңілетінін ескере келіп, шығарманың композициялық құрылымдарын санамалап өтуді жөн көрдік. Ең алдымен көркем шығарманың сыртқы композициялық компоненттеріне ден қою керек. Шығармадағы сыртқы композициялық компоненттеріне: авторлық арнау, эпиграф, арнау, алғысөз, кіріспе бөлімдері, тараулардың атаулары прозалық мәтінге енгізілген өлең, құжаттар, эпилог, соңғы сөз жатады. Повестің сыртқы компоненттеріне: жазушы повестің алғашқы бетінде кіріспе орнына Бердібек Соқпақбаевтың рухына бағыштап, арнағандығын жазады. Повесть екі бөлімнен тұрады. Мәселен, 1-ші бөлімде 10 шағын тақырыптан тұрса, 2-ші бөлімде шағын 9 тақырыптан тұрады. Шағын хикаялардан құралған көлемді проза жанрында жазылған шығарма. Шығармада өлеңдер, балладалар кездеседі. Әр тақырыпшаның басталуы мен аяқталуы бар, бір-бірімен сюжеттік жағынан байланыс орнатылған.

Прозалық мәтінге енгізілген өлеңі: «Елес» деп аталатын 1-бөлімнің тарауында өзінің ағасы Данышпанға арнап өлең жазған. Жазушының ақын екендігін ескере келе, берілген өлең шумақтары өте әсерлі, әрі сезіммен мұңға толы жыр жолдарын көре аламыз:

*Бір көрініс келгенде көз алдыма кеіттетіп,  
Опынумен отырам, көңіл өшіп, ес кетіп.  
Құтыла алман одан мен...  
Дымқылданса жанарым,  
Өлең жазу тек қана – құтылатын амалым..... [3].*

Повестің бір ерекшелігі, жазушының стилінің өзгешелігінде. Шығарманы жазушы ақын, бар өмірін поэзия жанрына арнаған автор өзін оқырмандарына басқа қырынан өзін танытып, прозалық шығарманы, оның ішінде – повесть жанрында өзін сынап көрді. Бұл сынағы сәтті шықты. Алайда, өзінің поэзиясын проза жанрына әкеліп қосып, бір арнаға тоғыстырды. Әрине, бұл эксперименті сәтті шыққандай. Оның ағасына арнаған бұл өлең жолдары осы тарауға үйлесті.

Екіншіден сюжеті мен фабуласына мән береміз, Аристотель заманынан бергі сюжеттің даму иерархиясы белгілі. Жалпы сюжеттің құрылымы туралы айтқан кезде біз шығарманың прологы, экспозициясы, шарықтау шегі, шешімі және эпилог сынды бөлшектерін талдаймыз. Шығармадағы прологы: кіріспе бөлімінде жазушы бірден өзінің 4 жасынан бастап басынан өткен қиын тағдырын сипаттап, оқырманға бірден ішіндегі мұңын шертеді.

Экспозициясы: автор өзінің өміріндегі әрбір сәтін, балалық шақтағы тәтті естеліктерімен бөліседі. Алайда «тәтті естелік» деп айту да қиын шығар, 4 жастағы баланың соншама қиындықтардан соң, мойымай тағдырына қарсы шығып, өмірдің қарасы мен ақ жақтарын еш жасырмай оқырманымен бөліседі. Осылайша оқырманың жүрегіне жол табады.

Үшіншіден, көркем шығарманың уақыт пен кеңістік жүйесіне назарда ұстаған жөн. Өйткені, аталмыш категориялар туындының поэтикалық салмағын

арттыруда айырықша рөл ойнайды. Автордың ойы, балалық шаққа толы естеліктері кейін шегіну арқылы жылдардан сыр тартып көркемдік уақыттың танымдық сипатын, әсерлігін арттыра түседі. Автор өзінің дүниеге деген көзқарасының қалыптасуына ерекше әсер еткен жағдайларды, оқиғаларды, мәнді кезеңдерді таңдай отырып, шығармадағы тарихи уақыт сыйымдылығын арттыра түседі.

«Болмаған балалық шақ» повестінің микропоэтикасына талдау жасауда, поэтиканың көркем шығарманың компоненттеріне назар салынды. Нәтижесінде, повестің шығарманың композициялық, сюжеттік құрылымы қарастырылды. Уақыт пен кеңістік жүйесіне назар аударылып, сипаттама жасалды. Шығармадағы микропоэтика болғандықтан, поэтикаға тән барлық компоненттері назарға алынбады. Тек поэтиканың ең негізгі компоненттерімен жұмыс жасалды.

**Қорытынды.** Соңғы жылдар повестрінің ендігі бір елеулі табысы – тақырып аумағы кеңейіп, өмірдің соны соқпақтарын, тың тыныстарына көз сала бастағандығы. Жазушылардың жаңа мазмұнға соны түр ізденулері, әр алуан көркемдегіш құралдарының, бояулармен шығарманың поэтикасын арттыруда. Повестің микропоэтикасын талдауда шығарманың осындай ерекше көркемдегіш құралдар мен бояулардан тұратындығын анық аңғара аламыз.

Қорыта келгенде, жетім баланың тағдырынан сыр шерткен бұл туынды, автор өзінің реалды өмірімен бөлісуі ерлікпен пара пар. Әкесінен жастайынан айырылған, анасынан да тірідей айырылып, табиғаттан пана іздеген жазушы қазіргі қоғамның мәселесін де көтере білген деп ойлаймыз. Ойлаңызшы, біздің қоғамда осындай жастай жетім қалған, қиналып, өмірге деген үмітін үзген жастар бар, оларға өмірге деген құштарлығын оятып, қандай қиын жағдай болмаса да сүрінген жерінен қайта тұруға мүмкіндік беретін бір прозалық шығарма деп айтар едік. Осындай тағдырлас жас жеткіншектердің өмірі бір роман не бір повестке сыймас, тағдырға қарсы шығуға ешкімнің қауқары жетпес, алайда әдебиет әлемінде осындай туындыларға орын бөлек болуы тиіс. Өйткені бұл мәселе қоғамдық мәселе, ал әдебиет қоғаммен бірге астасып өмір сүреді, қоғаммен әрқашан байланыста болады. Поэтикалық компоненттер арқылы оқырманың жүрегіне жол табады және шығарманың деңгейін көтеріп, көркемдік жағына жауап береді.

### Әдебиеттер:

1. *Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.*
2. *Темирболат А. Поэтика литературы: Учебное пособие / Темирболат А.Б. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 168 с.*
3. *www.epub.kz* электроны кітапхана
4. *Қазақәдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна». 2005. – 576 б.*